«АЛТЫ НЕГІЗ» кітабының түсіндірмесі

Шейх Солих әл-Фәузан

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!

«АЛТЫ НЕГІЗ»
кітабының түсіндірмесі

Солих ибн Фәузан әл-Фәузан

Кіріспе

Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақтар мен мақтаулар болсын! Пайғамбарымызға және оның отбасы мен сахабаларының барлығына Аллаһтың игілігі, берекесі мен сәлемі болсын!

Ғажаптардың ғажабы және Үстем, Ие болған Аллаһтың құдыретіне нұсқайтын ең ұлы белгілерінің бірі – Аллаһ Тағаланың қарапайым адамдарға ойлаушының ойынан да асқан, анық түсіндірумен баяндаған алты негізі. Содан кейін, өте аз кісілерден басқа әлемнің зеректері мен Адам баласының ақылдылары оларға қатысты қатеге ұрынды.

Еш күдіксіз, Аллаһ Тағала Құранды әр нәрсеге түсіндірме ретінде түсірген, ал елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны анық түсіндірумен баяндап кеткен. Аллаһ және Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы Құранда баяндаған ең ұлы нәрсе – таухид (бірқұдайшылық) пен ширк (көпқұдайшылық) мәселесі. Өйткені, таухид – Ислам дінінің негізі болып табылады. Бүкіл амалдар оған құралады. Ал ширк сол негізді бұзып, қиратады да, мүлдем жойып жібереді. Себебі, олар – өзара қарама-қайшы, бір-біріне қарсы нәрселер. Олар ешқашан бірге жиналмайды. Сондықтан, Аллаһ осы негізді Өзінің кітабында – Құранның барлық жерінде түсіндіреді. Таухид пен ширк мәселесі аталмаған бірде-бір сүре жоқ дерлік десек те болады.
Адамдар осы Құранды оқиды, қайталайды. Алайда, олардың ішінде осы түсіндірмеге назар аударатындары тым аз. Сол үшін, сіз Құранды оқи тұрып, Аллаһқа серік қосатын және таухидын құртатын көптеген адамдарды көре аласыз. Бірақ, Аллаһтың кітабында және елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінде бұл мәселе анық, ашық айтылған ғой. Сонда да, адамдар халықтарында қалыптасқан салт-дәстүрмен, ата-бабалары мен машайыхтары қалдырып кеткен жолмен ғана жүреді. Олардың негізі – бұл әкелері, ғалымдары және ел тұрғындарын неде тапса, соны мықтап ұстану. Алайда, оларда күндердің бір күнінде ойланып қалып, Құранға ақыл жүгіртіп, адамдардың қазіргі жағдайы дұрыс па, жоқ па деп өз-өзіне сұрақ қою арқылы

салыстырып көру мүлдем байқалмайды.
Оларды әкелері мен аталарының жолына соқыр ілесу дерті баурап алды. Құран тек береке тілеу үшін немесе сауапқа ие болу үшін ғана оқылады деп есептейді екен сол кісілер. Бірақ, мағыналарына ой жүгірту, оған сай амал ету мақсатымен Аллаһтың Қасиетті Кітабын оқитындар жоқтың қасы. Көбісі тек береке алу үшін, қаридың (Құранды жатқа білетін кісі)даусымен ләззаттану үшін, әндетіп жүру үшін, науқастарға дем салу үшін ғана тиләуәт етеді.
Ал Құранға сай амал жасау, оның үкімдерін жүзеге асыру және адамдардың жағдайы мен Құранда айталғандарды салыстырып көру туралы айтар болса, онда бұны аз ғана адамның бойынан таба аламыз. Ондай адамдар жоқ демейміз, алайда бар өкінішпен олардың өте аз екенін айтпақшымыз. Сол үшін, қазір Құранды бір ойпатта, ал кейбір кісілердің амалдары мүлдем басқа ойпатта екенін байқау қиынға соқпас. Олар өзгеруді, түзелуді қаламайды ғой. Тіпті ол адамдарға дін жаңартушысы (мужәддид) немесе Аллаһқа шақырушы (да`уатшы) келіп, оларды оңғаруға әрекет жасаса, түсінбейтін халық оған қарсы шығып, адасу және дінге қарсы шығушылықта айыптап, жаңа дін әкелді деп жала жабады.
Бірақ та, бұл тура жолға шақыратын кісіге зиян тигібейді. Бұл бұрыннан таныс болған нәрсе ғой. Аллаһтан өзгеге құлшылық етіп жүрген қауымдарын түзеткісі келген, пайғамбарларға (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұдан да асқан жаманшылықтар айтылған еді. Олар неше түрлі сөздер естіді. Ал енді ғалымдар мен да`уатшылар туралы не айтса болады? Мұнда таңқалатын ештеңе жоқ. Сондай-ақ, адамдардың осындай реакциясы ғалымдар мен шақырушылардың сауабын кемітпейді, керісінше Аллаһ Тағаланың алдындағы игіліктерін арттыра түседі.
Бұның барлығы айыптаушылардың өздеріне қарсы айналады. Ал ықыласты ғалымдар мен Аллаһқа шақырушылар, адрестеріне бағытталған жаладан зиян көрмейді. Бірақ игіліктері мен дәрежелері жоғарлайды. Олар елшілерден үлгі алу қажет. Аллаһ Тағала пайғамбарына (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Саған, тек сенен бұрынғы елшілерге айтылған сөздер ғана айтылады. Расында, Раббың – кешірім және ұлы азап Иесі**» (Фуссиләт сүресі, 43-аят).
Автор (оған Аллаһтың мейірімі жаусын) осы сөздерінде ғажайып нәрселердің бірін атап кетті. Яғни, адамдар Құранды жиі оқып жүрсе де, оны хатым жасап, жаттап алса да, оның дұрыс оқылуына және мәдд, идғам, ғунна, иқләб, изһар, ихфа сияқты тәжуид ережелеріне қатты көңіл бөлсе де – бұл керемет нәрсе, алайда соған қарамастан олар ең маңызды мақсатты ұмытты, ол – Аллаһтың кітабының мағынасына ой жүгірту, оны үйрену, әрі адамдардың амалдарын Құранға сәйкес не сәйкес емесін салыстыру.
Біздің міндетіміз: ахуалдарымызды дұрыстау, адамдардың қатесін, атақты болу

үшін немесе олардан үлес алу үшін емес, бірақ түзету мақсатымен және насихат ретінде ескерту.

Бірінші негіз

Дінді шын ықыласпен серігі жоқ, жалғыз Аллаһ үшін орындау. Сондай-ақ, оның қарама-қарсысы болған ширктің түсіндірмесі.

Бұл – негіздердің негізі және діннің іргетасы. Бұл тақырып елшілер мен олардың қауымдары арасындағы күресу алаңы болған. Пайғамбарлар, адамдардың жаратылу мақсаты, әрі бақыттарының шарты болған осы негізге сай, оларды түзетуді қалады. Адамның намаз оқып, ораза тұтқаны және құлшылықтардың санын көбейткені маңызды емес, маңыздысы – ықылас. Ықыласпен жасалған аз ғана амал, ықылассыз жасалған көптеген амалдардан артық. Егер адам күндіз-түні намаз оқыса, мал-дүниесін садақа ретінде таратса және басқа да амалдарды жасаса, бірақ бұның барлығы ықылассыз орындалған болса, онда оның істерінен ешқандай пайда жоқ. Өйткені, ықыласты болу міндетті.
Ықылас дегеніміз не?
Оның мағынасы: Аллаһқа серік қосуды тастап, Оны құлшылықта жалғыздау. Қандай кемелдікке, қандай артықшылыққа жетсе де, ешкім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты емес. Ол Аллаһқа жақын періште болсын, пайғамбар немесе елші болсын, әулие және ізгі болсын – ешкім құлшылыққа лайықты емес. Бұл – негіз! Әрі осы негіз ширкті қалдырусыз жүзеге аспайды. Ал Аллаһқа құлшылық қылу мен Оған біреуді серік қосуды араластырған кісінің амалдары жойылып кетеді.
Істерін, олар аз болса да, Аллаһ үшін ықыласты түрде орындайтын адам бақытты болады. Ықыласпен жасалған аз істердің өзі бақыт пен құтылуға жеткізеді. «Парақша» (битоқа) туралы хадис ешкімнен жасырын емес:
«***Қиямет күні бір адам тіріледі. Оған амалдары жазылған кітаптар ұсынылады. Әрбір кітап адамның көзі көретін жерге дейін созылған. Олар күнәларға толы еді. Осы кітаптар таразының бір жағына қойылады. Ал таразының екінші жағына ол адамның шын ықыласпен, иманмен және анық сеніммен айтқан «”Лә иләһа илләл-лаһ” сөзі жазылған кішкентай парақша қойылады. Сонда парақша әлгі кітаптардың барлығын басып кетеді***» (Тирмизи 2639, Ибн Мәжаһ 4300).
Ықыластың нәтижесі – осы! Ол адам “*Лә иләһа илләл-лаһ*”-ты жәй ғана айта салған жоқ. Ол оның мағынасын біліп, нұсқайтын нәрсесіне анық сеніп айтты, алайда амал етуге мүмкіншілігі болмай өліп кетті. Онда шын ықыласпен жасаған амалдары көп болса қалай болар еді? Осыдан түсінетініміз, егер

адамның ықыласпен орындаған істері аз болса да, сол арқылы Аллаһ оны құтқарады. Ал егер ықылас жоғалса, онда көптеген амалдардан еш пайда жоқ. Тәухидтің қарама-қайшысы – Аллаһқа серік қосу. Таухид дегеніміз – Аллаһты құлшылықта жалғыздау болса, ширк – бұл құлшылықтың қандай да бір түрін Аллаһтан өзгеге арнау болып табылады. Мысалы: құрбандық шалу, нәзр беру, дұға ету, жәрдем тілеу және т.б. құлшылық түрлері. Олардың бірін Аллаһтан басқаға арнау ширк болып есептеледі. Біз тәухид әл-улюһиядағы ширк жайында айтып отырмыз. Себебі, тәухид әр-рубубиядағы ширк көп кездеспейді. Үмметтердің барлығы еріксіз, тәухид әр-рубубияны мойындаған. Тек қана кейбір адамдар сыртынан онымен келіспейтінін көрсетіп, ішінде болса растаған. Өйткені, оны мойындамау мүмкін емес. Барлығы осы әлемнің, болмыстың Жаратушысы бар екенін біледі. Кез-келген кісі қозғалыстағы осы жаратылыстардың Басқарушысы бар екенін біледі. Ештеңе кездейсоқ және өздігінен пайда болған жоқ екені бәріне мәлім. Аллаһ Тағала былай деді: «**Олар ешнәрсесіз пайда болды ма, әлде өздері жаратушы ма? Немесе олар аспандар мен жерді жаратты ма? Бірақ олар сенбейді**» (Тур сүресі, 35-36-аяттар).
Тәухид әр-рубубияны растау табиғи нәрсе, бірақ бұл жеткіліксіз. Мушриктер (көпқұдайшылар) үшін оны мойындағандары жеткілікті болмады. Құранда анық айтылған: «**Егер оларды кім жаратты деп сұрасаң**» (Зухруф сүресі, 87-аят), олар не деп жауап береді? Олар «**Аллаһ**», - деп жауап береді. Яғни, “Бізді жаратқан Аллаһ”, - деп айтады. Бұл – тәухид әр-рубубия. Ал талап етелігені тәухид әл-улюһия еді. Пайғамбарлар мен халықтарының арасында, Аллаһқа шақырушылар мен адамдардың арасында талас пен келіспеушіліктер, соғыс пен шайқастар, сүйіспеншілік пен жек көру (әл-уәля уәл-бәра) дәл осы мәселенің себебімен болған.

Құрандағы (аяттардың) көбісі осы негізді түрлі жақтардан, ең сауатсыз адамның өзі де түсінетін сөздермен баяндайды.
Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһқа құлшылық етіңдер де, Оған ешкімді серік қоспаңдар**» (Ниса сүресі, 36-аят). Бұл сөздер түсініксіз бе? Қара жұрт бұны түсінеді. Бұл аяттан әрбір адам ешқандай оқу бітірмесе де, өз тілдерінде құлшылық ету әмір етілгенін, Аллаһқа серік қосу тыйым салынғанын түсінеді. Ал бұл бір ғана аят, бірақ Құранда осыған ұқсас сөйлемдер толып тұр ғой. Адамдар осы аяттарды естіп те, оқып та жүр, алайда ой жүгіртпейді. Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһқа құлшылық етіңдер де, Оған ешкімді серік қоспаңдар**» (Ниса сүресі, 36-аят). Ал олар: “Әй, Хасан! Әй, `Али! Әй, Бәдәуи! Әй, Тижәни! Әй, `Абдул-Қадир! (Әй, Қожа Ахмет! Әй, Арыстан баб! Әй, Бекет ата!)”, - деп дұға етеді, айқайлайды, шыңғырады. Ең биік дауыстарымен: “Әй, пәленше! Әй, түгенше!”, - деп шақырады, ал пәленшесі өлген кісі ғана.
Әрі, өлікті шақыратын адам Құранды жеті немесе он қырағатымен жаттап

шыққан кісі болуы мүмкін, сондай-ақ оны теңдесі жоқ тәжуидпен оқуы мүмкін, бірақ ол кісі әріптеріне көңіл бөлді де, ал шекараларынан асып кетті.
Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтің мейірімі болсын) былай деген: "Құранның барлығы таухидке толы. Өйткені ол – не Аллаһқа құлшылық етіп, ширк тастау әмірі, не таухид ұстанушыларының сыйлығы және ширк жақтаушыларының жазасы туралы хабар, не халәл және харам үкімдерінің түсіндірмесі (ал бұлар – таухидтің ақыларынан), не елшілер мен олардың үмметтерінің қиссалары және олардың арасында болған тартыстары жайында баян".
Демек, Құранның барлығы таухид мағынасында. Сонда да, адамдар Құранды оқып жүргендеріне қарамастан, үлкен ширк істеуге дейін барып жатады. Олар "Лә иләһа илләл-лаһ", - деп айтады да, оған сай амал жасамайды. Олар бір ойпатта, ал Құран және "Лә иләһа илләл-лаһ" басқа бір ойпатта. Ол тек тілдегі сөздер ғана болып табылады.
Егер олардың біреуінен: «"Лә иләһа илләл-лаһ"-тың мағынасы не?», - деп сұрасаң, ол саған: «Мен білмеймін, мен оқымағанмын», - деп жауап береді. Біз былай дейміз: «Сонда сен "Лә иләһа илләл-лаһ"-ты айтасың да оның мағынасын білмейсің, бұл мұсылманға жарасатын тірлікпе?». Немесе сен: «***Адамдардың бір нәрсе айтқанын естідім де, соны қайталадым***», - дерсің. Бірақ бұл екіжүзділердің қабірде қойылатын сұрақтарға беретін жауабы ғой (Бухари 86, Муслим 905, Нәсәи 2062, Ибн Мәжаһ 1265, Ахмад 26385, Мәлик 447).
Аллаһ Тағала айтқандай: «**Имансыздар, бақташысы оларға айқайлап қоятын, ал олар үндеу мен шақырудан басқа ешнәрсе естімейтін малдар тәрізді. Керең, мылқау және соқыр болған олар ештеңені түсінбейді**» (Бақара сүресі, 171-аят).

Сосын үмметтің көпшілігімен болатын нәрсе болды да, шайтан оларға ықыласты ізгілерді кемсіту мен олардың хақыларына салқындық таныту суретінде көрсетті.

Егер оларға: "Жаратылыстарға дұға етпеңдер, олардан жәрдем тілемеңдер, Аллаһтан сұраңдар, Аллаһтан көмек тілеңдер, Аллаһқа жалбарыныңдар, қабірлер мен өліктерге сиынбаңдар", - деп айтсаң, олар: "Сен әулиелерді кемістесің! Біз оларға үлкен сый көрсетеміз, қатты құрметтейміз, олардың есімдері арқылы шақырамыз. Ал сен оларды сыйламайсың және олардың артықшылықтарын білмейсің", - деп таухидке шақырушыларға жауап береді.
Біз оларға былай дейміз: "Біз ізгі кісілерді жақсы көреміз. Аллаһтың әулиелерін де сүйеміз. Оларды сыйлап, құрметтейміз. Алайда оларға Раббының құқықтарынан болған ештеңені арнамаймыз, яғни ешқандай құлшылықты оларға жасамаймыз. Өйткені, бұл олардың хақылары емес. Ол кісілердің өздері де бұған разы болмас еді. Олар Аллаһпен бірге дұға етілетіндеріне, қиыншылықтарда Онымен бірге көмек жайында сұралатындарына разы болмайды".

Ол (шайтан) оларға Аллаһқа серік қосуды ізгілерді жақсы көру суретінде көрсетті.
Олар былай айтады: “Шын мәнінде, ізгілерден жәрдем тілеу, көмек сұрау – олардың артықшылықтарын мойындау, оларға құрмет көрсету болып табылады”. Бұл шайтанның оларғы көркемдеп, әдемі қылып бергені. Шайтан деп жындардың және адамдардың ішінен шыққан шайтандарды айтып отырмыз. Адамдардың шайтандары – адасудың ғалымдары. Олар жазады, сөйлейді, Аллаһқа серік қосуға шақыру үшін кітаптар шығарады, әрі осылары ізгілерді ұлықтау, артқышылықтарын мойындау, оларды жақсы көруді білдіреді деп пайымдайды. Ал олардан жәрдем тілемеу олардың хақыларына қатысты салқындық танытуға, оларды жек көруге және т.с.с. жатады деп есептейді. Бұның барлығын кітаптарынан тауып оқи аласыз.

Екінші негіз

Аллаһ дінде бірігуге әмір етіп, бөлінуді тыйым салды. Бұны Аллаһ қарапайым адам да түсінетін анық түсіндірумен баяндады.
Бұл негіз Құранда бар:
«**Барлығың Аллаһтың жібінен мықтап ұстаңдар да, бөлінуші болмаңдар**» (Әли `Имран сүресі, 103-аят);
«**Бөлініп кетіп, келіспеушілікке түскендер сияқты болмаңдар**» (Әли `Имран сүресі, 105-аят);
«**Расында, діндерінде бөлініп, топ-топ болып кеткендерге сенің ешқандай қатысың жоқ. Олардың ісі Аллаһпен болады**» (Ән`ам сүресі, 159-аят);
«**Аллаһ Нухқа өсиет еткен нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһим, Муса, `Исаға өсиет еткен нәрселерімізді сендерге шариғат етті: дінді мықты орындаңдар да, онда бөлінбеңдер**» (Шура сүресі, 13-аят).
Мұсылмандарға діндерінде бөліну тыйым салынған. Олар тәухидтің айналасында жиналған бір үммет болуға міндетті. Алла Тағала: «**Расында, сендердің бұл үмметтерің – жалғыз үммет. Ал Мен – сендердің Раббыларыңмын, Маған құлшылық етіңдер**», - деді (Әнбия сүресі, 92-аят).
Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне ақидаларында (сенімдерінде), құлшылықтарында, дін үкімдерінде бөлінулеріне болмайды. Мынаусы еш дәлелсіз: “Халәл”, - дейді, анаусы: “Харам”, - дейді. Бұл – тыйым салынған.
Еш күдіксіз, келіспеушіліктер (ихтиләф) адам табиғатынан. Аллаһ Тағала айтқандай: **«Раббың мейіріміне алғандардан басқа, олар келіспеушіліктерін тоқтатпады**» (Һуд сүресі, 118-119-аяттар).
Алайда, келіспеушліктер Аллаһтың Кітабы мен Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне оралумен шешіледі. Егер сен және мен тартысып

қалсақ, біз Құран мен Сүннетке қайтуға тиіспіз. Аллаһ Тағала былай айтты: «**Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа бағыныңдар, Елшіге бағыныңдар және араларыңдағы билік иелеріне. Не нәрседе талассаңдар да, оның Аллаһ пен елшіге қайтарыңдар. Егер сендер Аллаһқа және Ахырет күніне иман келтірсеңдер**» (Ниса сүресі, 59-аят). Ал: "Әркім өз мәзһабында қалсын, әркім өзінің ақидасында (сенімінде) қала берсін. Адамдар пікірлерінде тәуелсіз", - деген `ақида, діндегі сөз бостандығына шақыратын үндеулерге келер болсақ, олар - Аллаһ тыйым салған нәрсе: «**Барлығың Аллаһтың жібінен мықтап ұстаңдар да, бөлінуші болмаңдар**» (Әли `Имран сүресі, 103-аят).
Арамызда келіспеушілік туындаса оны, тіпті фиқһ мәселелерінде болсын, Аллаһтың Кітабына қайтаруда жиналып, бірге болуымыз қажет. Егер бір нәрседе тартысып қалсақ, оны дәлелдерге қайтарамыз: егер біреу дәлел ұсынса, біз онымен біргеміз; ал кім дәлелсіз қателессе, біз оның қатесін алмаймыз. Аллаһ Тағала бізге дұрысты қатеден ажырататын таразылар орнатпай, келіспеушілікке түсіп, тартысқан күйімізде тастап қоймады. Ол бізге Құран мен Сүннет орнатты. «**Аллаһқа қайтарыңдар**», яғни Құранға, «**және Елшіге**», яғни Сүннетке қайтарыңдар. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Мен сендерге оны ұстансаңдар менен кейін ешқашан адаспайтын нәрсе қалдырып жатырмын: Аллаһтың Кітабы мен менің Сүннетім***» (Мәлик «Муәтта» 3).
Арамызда жазылып бекітілген, сенімділігіне тексерілген, анықталған Сүннет бар болғанынша, Аллаһ елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арамызда тірі сияқты болып қала береді. Бұл – осы үмметке нәсіп етілген Аллаһтың нығметі. Ол бізді қараңғылықта тастамады, бірақ бізді қолдарымызға Өзіне апаратын жолға бағыттайтын, ақиқатқа нұсқайтын нәрсе беріп қалдырды. Ал енді шындықты қаламай, әркімнің өз мәзһабында, өз сенімінде болуын қалап: "Келісетін нәрсемізде бірігеміз де, келіспейтін нәрсемізде бір-бірімізге үзір табамыз", - дейтін туралы айтар болсақ, онда ол сөздердің жалған екені, күдіксіз, жалған болып табылатыны анық.
Аллаһтың Кітабына және Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайту парыз. Бір-бірімізге үзір іздемейміз, керісінше Құран мен Сүннетке ораламыз. Сонда шындыққа не сәйкес келсе, соны аламызда, не қайшы келсе, соны кері қайтарамыз. Осы – біздің міндетіміз. Үммет тартысқан күйде қала бермеуі керек. Мүмкін, үмметтің сол жағдайда болуына шақыратындар: "Үмметімнің келіспеушілігі (ихтиләф) - мейірім", - деген хадисті келтірер. Алайда, ол сенімді хадис болып табылмайды (Имам әс-Субки мен шейх әл-Әлбәни бұл хадис туралы: "*Оның негізі жоқ*", - деп айтқан.Қараңыз: "әс-Силсилә әд-да'ифә уәл-мәуду'а" 58, 61).
Келіспеушіліктер мейірім емес, керісінше азап болып табылады. Аллаһ Тағала: «**Дәлелдер келген соң бөлініп, келіспеушіліктерге түскендер сияқты болмаңдар**», - деді (Әли `Имран сүресі, 105-аят). Келіспеушіліктер жүректерді

және үмметті бөліп жібереді. Егер адамдар келіспеушілікке түссе, ешқашан өзара көмектеспейді, өзара жәрдемдеспейді. Керісінше олардың арасында жауластық болып, әркім өз тобы мен сектасына қатып қалады.
Олар тек бірігіп, Аллаһтың жібінен ұстанса ғана бір-біріне жәрдемдесе бастайды. Осыны пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсиет еткен: «***Аллаһ сендерге үш нәрсемен разы болады: Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауларыңа, барлығың Аллаһтың жібінен мықтап ұстап, бөлінбеулеріңе және сендердің үстеріңе Аллаһ билік берген әмірлерге адалдық танытқандарыңа***» (Муслим 1715, Мәлик «Муәтта» 2/990, Бухари «Әдәб әл-муфрад» 442, Ахмад 8334, 8718, 8799, Ибн Хиббән 5720).
Аллаһ Тағала бізге осы үш нәрсе үшін разы болады екен.
Бірақ бұдан біз келіспеушілік пен бөліну мүлдем болмайды деп түсінбеуіміз керек. Келіспеушіліктер адамның табиғатынан. Бірақ айтпақшы болғанымыз, егер келіспеушілік не бөліну туындаса, ол Аллаһтың Кітабы мен елшінің Сүннетіне қайтару арқылы шешіледі, тартыс тоқтайды. Міне осы дұрыс!
Құран арқылы және Сүннет арқылы үкім ету, адамдар арасында пайда болатын мал-дүниеге қатысты мәселелердегі тартыстармен ғана шектелмейді. Кейбір адамдар Аллаһтың түсіргенімен үкім ету деп, тек дүние мәселелеріндегі тартыстарда үкім шығаруды ғана атайды.
Жоқ, Аллаһтың үкімі барлық тартыстар мен келіспеушілікті шешуде қолданылуы керек. `Ақидадағы (сенімдегі) таластар, мал-дүниеге қатысты мәселелердегі таластардан да қаттырақ. Құлшылыққа қатысты, халәл мен харам мәселелеріне қатысты тартыстар, дүние тартыстарынан да зор. Бірақ, малдүниеге қатысты келіспеушілік, Аллаһтың Кітабына қайтару керек болған келіспеушіктердің бір бөлігі ғана. Сахабалар арасында да тартыстар болып қалатын еді, алайда олар дереу Аллаһтың Кітабы мен елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайтарған, сонымен тартыста біткен.
Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан кейін, сахабалар арасында одан соң кім билік етеді деген келіспеушілік болған. Сонда олар дереу Құран мен Сүннетке оралады да, Әбу Бәкр әс-Сиддиқті әмір етеді, оған бойұсынып, бағынады. Келіспеушілік жойылды.
Аллаһтың Кітабына оралу жеккөрушілікті, қастандықты кетіреді. Аллаһтың Кітабына ешкім қарсы келмейді. Егер адамға: “Пәленше имамның пікіріне, түгенше ғалымның сөзіне келейік”, - десең, ол қанағаттанбайды. Ал егер оған: “Аллаһтың Кітабына кел, Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне кел”, - деп айтсаң, әрі оның жүрегінде иман болса, ол қанағаттанып, разы болып, соған қайтады.
Аллаһ Тағала былай айтқан: «**Расында, араларында үкім ету үшін, Аллаһқа және елшісіне шақырылғанда иман келтіргендердің сөзі: “Естідік те, бойұсындық!”. Міне, солар – құтылушылар!**» (Нұр сүресі, 51-аят). Бұл – иман келтіргендердің сөздері. Ал екіжүзділерге келсек, оларға ақиқат жақса,

бағыныншты, ал егер ақиқат оларға қарсы келіп тұрса, Аллаһ оларды сипаттағандай, бет бұрып, теріс айналады.
Қандай да бір келіспеушілік пен тартыс Құран мен Сүннетке қайту арқылы шешіледі. Бірақ егер екі мужтаһидтің дәлелдері анық болмаса, әрі қайсысының пікірі күштірек екенін шешу қиынға соқса, онда бұл жағдайда белгілі бір имамның сөзін алу айыпталмайды. Сол үшін ғалымдар: "*Ижтиһад мәселелерінде айыптау (инкәр) жоқ*", - деген. Яғни, екі топ ғалымдардың қайсысының дәлелдері күштірек екені анықталмаған мәселелер.

Бізден бұрын бөлініп, келіспеушілікке түсіп кеткендер, кейін (соның салдарынан) опат болғандар тәрізді болуымызға Аллаһ тыйым салды.
Олар келіспеушіліктерін жалғастырғанда, опат болып, бір-бірімен жауласып, бір-бірін өлтіре бастады. Бұл – келіспейтіндердің ісі. Ал бірігетіндердің несібесі – күш-қуат, жүректерінен жеккөрушіліктің кетуі.
Аллаһ Тағала былай айтқан: «**Раббыңмен ант! Олар сені араларында туған келіспеушіліктерде би (үкім шығарушы) қылып алмайынша, сосын жүректерінде шығаршан шешіміңнен ақау таппайынша және толық бойұсынбайынша иман келтірмейді**» (Ниса сүресі, 65-аят).
Аллаһтың Кітабына және елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне оралмайынша адамдар разы болмайды, әрі тартыс та тоқтамайды.

Ол мұсылмандарға діндерінде бірігуді бұйырғанын және бөлінуден қайтарғанын ескертті. Бұл тақырып бойынша, Сүннетте келген нәрсе де анықтық кіргізетіні ғажаптардың ғажабынан.
Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһ Нухқа өсиет еткен нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһим, Муса, `Исаға өсиет еткен нәрселерімізді сендерге шариғат етті: дінді мықты орындаңдар да, онда бөлінбеңдер**» (Шура сүресі, 13-аят). Яғни, әркім өз дінімен еріп кетпесін, өйткені дін біреу ғана, онда бөліну деген жоқ.
Елшіден (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірігуге ынталандыратын, әрі бөліну мен келіспеушілікті тыйым салатын сенімді хадистер жеткен.
Солардың бірі: «***Сендерден кім ұзақ өмір сүрсе, көптеген келіспеушіліктерді көреді. Сонда менің сүннетімді және менен кейінгі тура жолдағы, ізгі халифалардың сүннетін ұстаныңдар!***» (Әбу Дәуд 3607, Тирмизи 2676, Ибн Мәжаһ 42,43, Ахмад 28/373, Хәким 1/97. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растаған. Қараңыз: «Сахих әл-Жәми`» 2549).

Сосын дін негіздерінде және оның тармақтарында бөліну , білім және діндегі фиқһқа (түсінікке) айналып кетті.
Соңғы уақыттары, өкінішке орай, мәселе өзгеріп кетті. Дін негіздері мен тармақтарындағы келіспеушілік фиқһ (нағыз түсінік) болып кетті, бірақ

міндеттісі керісінше ғой. Расында, фиқһ – Аллаһ дінінде бірігу. Олар былай дейді: “Бөліну, адамдарғы пікірлерінде бостандық беру, оларғы сөгіс айтпау нағыз түсінік болып саналады”. Ал біз оларға: “Нағыз түсінік – бұл Аллаһтың Кітабы және Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінің айналасында жиналу, бірігу”, - деп айтамыз.
Тағы олардың кейбірі былай дейді: “Бұл Исламның кеңшілігінен. Егер бізге біреу бір нәрсені харам десе, біз оған халәл деп фәтуа беретін адамды табамыз”. Олар адамдарды заңдастырушы етті. Олардің пікіріне сүйенсек, онда егер біреу: “Мына нәрсе халәл”, - деп айтса, ол нәрсе біз үшін, тіпті Құран мен Сүннетте харам болса да, халәл болып табылады екен-мыс. Біз былай айтамыз: “Аллаһтың Кітабына қайту керекпіз! Кімдікі шындық болса – аламыз, кімдікі қате болса – тастайыз. Міне осы – біздің міндет!”.

Мәселе өзгеріп, бірігу туралы тек жаңалық еңгізуші немесе жынды ғана айтатын болып қалды.
Бірігуді бұйырып, келіспеушілікті тастайтын адам туралы: “Бұл үмметке қарсы шықты. Бұл – жаңалық еңгізуші! Өйткені, ол ғалымдардың пікірлерін болдырмайды”, - деп айтыла басталды. Біз ғалымдардың пікірлерін жойып жатқан жоқпыз. Біз тек оларды Аллаһтың Кітабымен салыстырамыз. Бізге адамдардың артынан еру міндеті жүктелмеген. Біз тек Құран мен Сүннетке ғана ілесуге тиіспіз. Дұрысы осы! Біз пәленше мен түгеншеге еруге міндетті емеспіз. Аллаһ Тағала бізді өз пікірлеріміз бен ижтиһадтарымызға ұсынып қойған жоқ. Бірақ Кітабын түсіріп, елшісін жіберді (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Сондықтан егер Аллаһтың Кітабы мен елшінің Сүннетіне қайтсақ, бөліну, келіспеушілік кетеді де, сөздеріміз бірігеді.
Жақын уақытқа дейін Харам мешітінде төрт михраб (имам тұратын жер) болғанын білесіңдер ме? Әр мәзһабтың өкілдері бөлек жамағат құрып, Кә`баның бір тұсында тұрып намаз оқитын. Кейін, Аллаһқа шүкір, Раббымыз осы жаман көріністің жойылуын, жамағат тек бір имамнің артынан ұйып тұруын нәсіп етті. Бұның барлығы мәзһабқа, адамдардың пікірлеріне соқыр ілесудің нәтижесінен. Жұрт намаздарында да бөлініп кетті ғой. Ханафи ханбәлидің артынан ұйымаған, ал ханбәли шафи`идің артынан ұйымаған. Бір уақытта намаз оқымайтын: мына мәзһабтағылар әуелгі уақытында оқиды, ал басқалары соңғы уақытында оқиды. Өйткені, мыналар әуелгі уақытында оқуды алға тартады, ал аналары соңғы уақытында оқу дұрысырақ деп есептейді. Бұл құбылыс әлі күнге шейін кейбір елдерде байқалады.

Үшінші негіз

Бірігудің кемелдігінен, бізді басқаратын кісіні, тіпті ол эфиопиялық құл

болса да, тыңдау және оған бағыну.
(Екінші негізде біз бірігу мен жиналу туралы айтқан болатынбыз). Бірақ бұл бірігу билік иесіне бағынусыз жүзеге аспайды. Имамсыз (басшысыз) жиналу мүмкін емес. Ал тыңдау және бағынусыз басшылық жүзеге аспайды. Мұсылмандардың басшысын Аллаһ Тағала мүміндерге мейірім ретінде орнатты. Олар жазаларды орындайды, жақсылықты бұйырады, жамандықтан қайтарады, жапа шеккен кісіні залымның зұлымдығынан қорғайды, аманат сақтайды.
Бұл – Аллаһтың мейірімі. Сахабалар да, пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда, басшыға қол тапсырмайынша оны жерлемеді. Өйткені, олар келіспеушіліктер мен фитнадан (бүліктен) қорқты. Олар, басшысыз бір түнді де өткізу дұрыс емес екенін білген. Себебі, бұл – дін талаптарының бірі.
Ал бұл билік иесіне бағынусыз мүмкін емес. Сондықтан, Аллаһ Тағала: «**Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа бағыныңдар, Елшіге бағыныңдар және араларыңдағы билік иелеріне**», - деп айтты (Ниса сүресі, 59-аят). Аллаһқа бағынудан кейін және елшіге бағынудан кейін, билік иелеріне бағыну қажет. Аллаһтың: «**араларыңдағы**» сөзі, басшының мұсылман болуы шарт екеніне нұсқайды.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны кең, белгілі түрде түсіндірудің барлық жақтарымен баяндады.
Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Сендерге мынаны өсиет етемін: Аллаһтан қорқыңдар! Тыңдаңдар да, бағыныңдар, тіпті егер сендерді құл басқарса да. Сендерден кім ұзақ өмір сүрсе, көптеген келіспеушіліктерді көреді. Сонда менің сүннетімді және менен кейінгі тура жолдағы, ізгі халифалардың сүннетін ұстаныңдар!***» (Әбу Дәуд 3607, Тирмизи 2676, Ибн Мәжаһ 42,43, Ахмад 28/373, Хәким 1/97. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растаған. Қараңыз: «Сахих әл-Жәми`» 2549). Бұл – үшінші негіздің мәнісі.

Сосын осы негіз өзгеріп, білімге ие екенін мәлімдеген адамдардың өзіне белгісіз болды. Онда оған амал ету туралы не айтуға болады?
Осы негіз өзгеріп, білімге ие екенін мәлімдеген адамдардың өзіне белгісіз болды. Олар тыңдау мен бағыну мәселесін, оның артықшылығы мен маңыздылығын білмейді. Ал қарапайым адамдар жайында не айтсақ болады, олардың жағдайы бұдан да нашар емес пе? Сонымен, олардың жақсылықты бұйырып, жамандықтан қайтаратын және айыптаушының айыбына Аллаһ үшін көңіл бөлмейтін батырлары – мұсылмандар басшысына қарсы шығатын, бағынудан бас тартатын, мұсылман әмірлеріне қатесі ғана үшін немесе имансыздық дәрежесіне жетпейтін күнә үшін ғана қарсы төңкеріс пен ереуіл

өткезетін адам болып табылады. Сондай-ақ, олардың отырыстары мен жиналыстарында, кездесулерінде қозғалатын басты әңгіме – ол билік иелерінің қателіктері. Соның нәтижесінде, мұсылман қоғамы бөлінеді, халық басшыларға бағынуды қояды, тыныштық жоғалып, қан төгіліп, жер бетінде бұзақылық таралып кетеді. Одан да залым және күнәһар болған әміршіге бағынған артық еді, өйкені ол әлі оған Аллаһтан түскен дәлел бар, анық имансыздық (*куфрун бәуах*) жасамады.

Төртінші негіз

Білім мен ғалымдар, фиқһ пен фақиһтар туралы түсіндірме.

Бұл – ұлы негіз. Бұл жерде білім деп не меңзелетіні баяндалады. Білім дегеніміз – бұл Аллаһтың Кітабы мен елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне негізделген шариғи білім. Міне, осы – пайдалы білім (әл-`илму ән-нәфи`) болып саналды. Ал медицина, өндіріс және т.б. дүние ғылымдары туралы айтар болсақ, онда олар туралы «білім» сөзін шектеусіз жалпылай қолданбайды. Сондықтан, егер «білім» деп және оның артықшылықтары бар екені айтылса, онда ол жерде шариғи білім тұспалданып тұр. Ал өндіріс, кәсіби ғылымдарға келер болсақ, олар рұқсат етілген білімдер. Бірақ оларға «білім» атауы шектеусіз қолданылмайды. Мысалы: инженерлік ғылым (білім), медицина ғылымы (білімі) деп айту керек. Алайда, өкінішке орай, соңғы кездері адамдардың салтында «білім» деп айтылса, онда заманауи ғылым меңзелетін кез жетіп қалды. Қазір егер біреу Құраннан бір нәрсе естісе: “Бұған заманауи ғылым куәлік етеді”, - деп шығатын болды. Тура сол сияқты, хадисті естісе: “Бұны ғылым растайды”, - деп айтады.

Сонымен, білім деп қазір медицина, өндіріс және т.б. ғылымдары туралы ғана айтыла басталды. Бірақ оның бәрі надандық болып табылу мүмкін. Өйткені, олардың көптеген қателіктері бар. Себебі, олар – адам баласының еңбегі. Ал шариғи білім керісінше, ол Аллаһтан түскен. Оған: «**Өтірік алдынан да, артынан да жоламайды. Дана, Мақтаулы (Аллаһтан) түскен**» (Фуссиләт сүресі, 42-аят). Аллаһ Тағала: «**Расында, Аллаһты құлдарынан ғалымдар ғана қорқады**», - деген (Фатыр сүресі, 28-аят). Олар – Аллаһты таныған шариғат ғалымдары. Ал кәсіби ғылымдардың мамандары Аллаһ туралы мүлдем білмеуі де мүмкін. Тіпті білсе де, онда білімдері кем. Алайда, Аллаһты танитындар – шариғат ғалымдары. Аллаһ Тағала: «**Расында, Аллаһты құлдарынан ғалымдар ғана қорқады**», - деді (Фатыр сүресі, 28-аят).Өйткені, олар Аллаһты, Оның есімдері мен сипаттарын, құқықтарын таниды. Бұны медицина, инженерлік ғылымдар арқылы білуге мүмкін емес. Олар арқылы тәухид әр-рубубияны (яғни, Аллаһтың жаратуда, билеуде, басқаруда жалғыз

екенін) білуге болатын да шығар, алайда тәухид әл-улюһияны (Аллаһтың құлшылықтағы жалғыздығын) тек шариғи ғылым арқылы танып білуге болады.

Оларға еліктейтін, бірақ олардың қатарына жатпайтындар туралы түсіндірме.

Бұл сөздердің мағынасы: білім иелеріне еліктейтін, алайда білім иесі болып табылмайтын кісілер туралы баяндау. Олар тек білім иелеріне ұқсайды, еліктейді, бірақ білімнен ешқандай үлестері жоқ. Бұның(еліктеудің)адамның өзіне де, бүкіл үмметке де келтіретін зарары өте ауыр. Өйткені, ол Аллаһқа білімсіз сөйлеп жала жабады. Тағы да адамдарды тура жолдан адастырады. Аллаһ тағала былай айтты: «**Адамдарды еш білімсіз адастыру үшін, Аллаһқа жала жапқан кісіден залымырақ кім бар**». Мынадай сөз бар: "*Дүниені төртеу құртады: жартылай ғалым, жартылай грамматика (наху) маманы, жартылай дәрігер, жартылай пәлсапашы (философ). Біріншісі елдер мен қалаларды бұзады, екіншісі тілді бұзады, үшіншісі денелерді бұзады, төртіншісі діндерді бұзады*".

Аллаһ Тағала осы негізді «Бақара» сүресінің басында «Әй, Исраил ұрпақтары! Сендерге берген нығметтерімді еске алыңдар. Уәдемді орындаңдар, сонда Мен сендердің уәделеріңді орындаймын» (Бақара сүресі, 40-аят) **сөздерінен бастап, Ибраһим туралы аяттардан алдындағы «Әй, Исраил ұрпақтары! Сендерге берген нығметтерімді және де, сендерді әлемдерден артық қылғандарымды еске алыңдар»** (Бақара сүресі, 122-аят) **сөздеріне дейін.**

Аллаһ Тағала «*Бақара*» сүресінде Исраил ұрпақтарына қатысты көптеген аяттар түсірді, оларға Өзінің нығметтерін еске салу үшін. Сонымен бірге, Ол өздері оның елшілігі мен пайғамбарлығын білетін, әрі бұрыңғы пайғамбарлардан және кітаптардан оның келетіні жайылы хабар алған, Мұхаммедке (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуге әмір етті.

Автор атап кеткен біріншісінен, соңғысына дейін аяттарда Аллаһтың Исраил ұрпақтарына берген нығметтері еске түсіріледі. Аллаһ оларға елшілер жіберді, кітаптар түсірді, сондықтан олардың міндеттері Аллаһтың елшісі Мұхаммедке иман келтіру еді.

Исраил ұрпақтары (Бәну Исраил) дегеніміз – Йә`құбтың ұрпақтары. Ал Исраил ол Йә`құб. (Оның он екі баласы болғандықтан), Бәну Исраилде он екі ру болады. Аллаһ Тағала: «**Біз оларды он екі буынға – елге бөлдік**», деді (А`раф сүресі, 160-аят).

Бұған Сүннетте келген көптеген мәтіндер ең сауатсыз қара халық та түсінетін анықтық кіргізеді.

Иә, білім ізденуге, ынталандырып, ұмтылдыратын және пайдалы білімнің не

екенін, пайдасыз білімнің не екенін баяндайтын көптеген хадистер жеткен. Егер сен Ибн `Абдул-Баррдың ”*Жәми` баян әл-`илм уә фадлиһ*” деген кітабына және басқа да ғалымдардың кітаптарына қайтатын болсаң, соны білесің.

Сосын бұл бөтен нәрселердің біріне айналып, білім мен фиқһ (түсінік) дінге еңгізілген жаңалықтар мен адасулар болып табыла бастады. Олардың таңдағандары – ақиқатты жалғанмен қаптау.

Кейінгілердің пайымдаулары бойынша білім мен фиқһ – ол дінге еңгізілген жаңалықтар мен адасулар. Өйткені, олар Аллаһтың Кітабы мен елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне негізделген дұрыс білімді қалдырып қойды. Ал енді олардың білімі «анау айтты, мынау айтты» және түрлі хикаяларға айналды. Олар айтады: «Пәленшенің қабірі мынандай пайда әкеледі, пәленше жерде бір кісі осындай түс көріпті» - осы олардың білімі. Немесе олар өтірік хадистермен айналысады. Әлгі адасқандар сол хадистерді иснадтармен көркейтіп, оларды сахих қылмақшы болады. Сөйте тұра, Бухари, Муслим, Ибн Мәжаһ, Нәсәи, Тирмизи, Әбу Дәуд келтірген және басқа да беделді хадис жинақтарында келген сахих хадистерді тастайды. Өйткені, оларға ол хадистер жақпайды.

Біз ақиқатты жалғаннан айырып, екеуінің арасын ажыратуымыз қажет. Ал егер біз оларды араластырсақ, онда бұл адамдарды алдау, оларға айлакерлік жасау болып есептеледі.

Аллаһ Тағаланың жаратылыстарына парыз етіліп, мақталған білімі туралы айтқан адам, жаңалық еңгізуші (дін бұзушы), не есалаң-жынды болып есептеле басталады. Ал кім оны (”дін бұзушыны”)теріске шығарып, онымен жауласса, әрі одан сақтандыру ретінде кітаптар жазса, фақиһ пен ғалымға айналады.

Өйткені, ол білім олардың ұстанғандарына қайшы келіп тұр. Аллаһ мақтаған білім олардың есептеуінше надандық. Әрі кім ол туралы сөйлесе, сол – жын ұрған кісі. Өйткені, олар: «Аллаһтың бұйырған білімі адамдардың ұстанғанын, ата-бабаларымыздың жолын өзгертпекші», - деп айтады!

Егер біреу пайдалы білімнен сақтандырып кітап жазса, әрі сөгіске лайық білімді мақтап, оны адамдар арасында жайса, ол туралы мыналар: «Міне, осы – фақиһ, нағыз ғалым!», - дейді. Ал егер біреу дұрыс білімдерді таратып жатса, олар: «Бұл жарамайтын кісі. Ол надан. Ол адамдарды бөлгісі келіп жүр. Ал біз болсақ, адамдардың бөлінуін емес, бірігуін қалаймыз. Жалғанда болса да, бірігеміз. Ал жалғаннан ақиқатты ажыратамыз деп бөлінудің қажеті жоқ», - деп айтады. Алайда, бұл мүмкін емес. Расында, адамдар тек ақиқатта ғана жиналып, соның айналасында барлығы біріге алады.

Бесінші негіз

Аллаһ Тағаланың «Аллаһтың әулиелері» кім екенін баяндауы және (нағыз әулиелер) мен оларға ұқсамақшы болған Аллаһтың жаулары, екіжүзділер және күнәһарлар арасын ажырату.

Бұл – өте ұлы негіз. Бұл жерде Аллаһтың әулиелері мен шайтанның әулиерінің айырмашылығы жөнінде айтылады. Себебі, жалғанды ұстанатын кісілер, шайтанның әулиелерін Аллаһтың әулиелері деп атай бастады. Соңында, бұл мәселеде адамдар шатасып кетті. Сол үшін, шейхул-Исләм Ибн Тәймия «*Фурқан бәйна әулия әр-Рахмән уә әулия әш-шайтан*» деп аталатын пайдалы еңбек жазып кетті.

Аллаһ Тағала былай айтты: «**Расында, Аллаһтың әулиелеріне қорқу болмайды, әрі олар еш қайғырмайды**» (Юнус сүресі, 62-аят). Сосын олардың кім екенін баяндап: «**Олар иман келтіріп, тақуа болғандар**», - деді (Юнус сүресі, 63-аят). Осылар – Аллаһтың әулиелері. Ол кісілер бойларында иман мен тақуалықты, пайдалы білім мен ізгі амалды жинап, қалыптастырды. Ал енді Аллаһқа қарсы шығып, Оның дінін өзгертетін және қабірлер мен кесенелерге құлшылық етуге шақыратын адам туралы айтар болсақ, онда ол Аллаһтың әулиесі болып саналмайды. Ол – шайтанның әулиесі. Тура сол сияқты, түрлі тәуіптер мен сиқыршылар және бақсылар әулие болып табылмайды. Олар адамдарға сиқыр көрсетеді де: «Бұл - (әулиелердің) кереметі», - дейді. Ал негізінде ол шайтанның айласы ғана.

Бұл мәселеде мына аяттардың өзі жеткілікті болар еді:
«Әли `Имран» сүресіндегі аят: «Оларға айт: “Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, онда маған еріңдер, сонда Аллаһ та сендерді жақсы көреді”»
(Әли `Имран сүресі, 31-аят).

Аллаһқа деген сүйіспеншілік – құлшылықтың ең ұлы түрлерінің бірі. Аллаһты жақсы көрудің белгісі – елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу. Ал елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ермеген адам, Аллаһтың әулиесі болып табылмайды. Ал анау адасқандар былай дейді: “Елшіге бағынудан шыққан кісі ғана, әулие болып саналады”. Олардың ойы бойынша, әулиелік тек елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бойұсынудан шыққан, енгізілген жаңалықтарды жасайтын адамға ғана келеді. Тағы да олар: “Біз Аллаһқа Оны жақсы көргеніміз үшін ғана құлшылық қыламыз. Біз Оның тозағынан қорқып, жәннатын қалап құлшылық етіп жүрген жоқпыз. Біз тек оны жақсы көргеніміз үшін, Оған ғибадат жасаймыз”, - дейді. Олардан сұрау керек: «Сендер Аллаһты кімнің жолында (немесе кім сияқты) жақсы көресіңдер? Сендер Оны елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сияқты жақсы көресіңдер ме, әлде басқа біреу секілді ме?». Шын мәнінде, тек пайғамбардың

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артынан ерген кісі ғана Аллаһты жақсы көреді. Осы – Аллаһтың әулиелері мен шайтанның әулиелерінің арасындағы айырмашылық!

«Мәида» сүресіндегі аят: «Әй, иман келтіргендер! Сендерден кім Оның дінінен бас тартса, Аллаһ Өзі оларды жақсы көретін, әрі олар да Оны жақсы көретін бір қауым алып келеді. Олар мүміндерге кішіпейіл, ал имансыздарға қатал болады. Аллаһ жолында күреседі де, сынға алушының сынына назар аудармайды» (Мәида сүресі, 54-аят).
«Юнус» сүресіндегі аят: «Расында, Аллаһтың әулиелеріне қорқу болмайды, әрі олар еш қайғырмайды. Олар иман келтіріп, тақуа болғандар» (Юнус сүресі, 62-63-аят).

Бұл Аллаһтың әулиелерінің сипаттары: олар Аллаһты жақсы көреді, Аллаһ та оларды жақсы көреді. Олар мүміндерді дос тұтады да, имансыздардан аулақ болады. «**Аллаһ жолында күреседі де, сынға алушының сынына назар аудармайды. Бұл – Аллаһтың қалағанына беретін мейірімі. Аллаһ өте Кең, аса Білімді**» (Мәида сүресі, 54-аят). Осы төрт сипат – Аллаһтың әулиелерінің белгілері болып саналады. Ал қабірлерге, кесенелерге, өліктерге құлшылық етіп, оған шақыратындар, әрі шайтанның айласын әулиелердің кереметі деп атайтындар керісінше Аллаһтың жаулары болып табылады.
Жоғарыда келтірілген осы үш аяттан кімнің Аллаһтың әулиесі, ал кімнің шайтанның әулиесі екенін білуге болады.

Сосын іс өзгеріп, өздерін білімдімін деп, әрі халықты тура жолмен алып жүрушілерденмін және шариғатты сақтаушылар данмын деп мәлімдеген адамдардың көбісі, әулиенің міндетті түрде елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еруін қалдыру керектігін айтып, әрі оларға (пайғамбарларға) ілескен адам әулие болып табылмайды деп есептей бастады.
Егер адам шариғатқа бағынудан шықса, олардың ортасында ол туралы :«Аллаһқа жеткен білімдар. Ол елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуге мұқтаж емес. Ол тікелей Аллаһтан алады», - деп айтылады. Сондай-ақ, олар бізге былай айтады екен: «Сендер діндеріңді "пәленшеден мынау жеткізді, түгеншеден анау жеткізді", - деп өліктерден аласыңдар (иснад), ал біз болсақ мәңгі Тірі, ешқашан өлмейтін Аллаһтан аламыз». Олар Аллаһтан тікелей хабар қабылдаймыз деп пайымдайды.
Елшілерден дін қабылдайтын адам олардың ойы бойынша, әулие емес. Оларда тек елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізімен ілесуді тастаған адам ғана әулие деп саналады.
Қазіргі кезде, адамдар әулие деп, қабірінде кесене не мешіт тұрғызылған

адамды ғана есептейді. Ал Сүннет бойынша жерленген кісі, яғни қабірінің үстінде ештеңе көтерілмеген, тіпті ең абзал біреу болса да, олардың ойы бойынша әулие емес.
Сондай-ақ, олардың пайымдауларындағы әулие белгілі бір киім киіп, белгілі бір сәлде киіп жүретін адам болу керек. Ибн әл-Қайим былай деген: "*Аллаһтың әулиелерінде жұрттан айрықша болатындай, ерекше белгілері жоқ. Олар басқа адамдар сияқты жүреді*". Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Шашы ұйпа-тұйпа, үсті-басы шаң, есіктерден кері қағылған бір адам болуы мүмкін, бірақ ол қасам ішсе, (Аллаһ Тағала) оны орындайды***» (Тирмизи 3854).
Аллаһтың әулиелері өздерін ерекшелемейді, жарияламайды. Олар жасырын болуға тырысады. Аллаһ Тағалаға ықыласты болу үшін. Сонымен, әулиелердің тағы бір сипаты: ерекшеленбеу, жасырын болу.

Алтыншы негіз

Адамдар Құран мен Сүннетті қалдыру үшін шайтанның таратқан: «Оларды тек нағыз мужтәһид қана түсінеді» деген күдігіне қарсы жауап.
Бұл ең соңғы негіз, әрі ол өте маңызды. Кейбір адамдар айтады: «Біз Құран мен Сүннеттің мағынасын түсінбейміз. Әрі оны түсінуіміз мүмкін де емес. Оларды тек үлкен ғалымдар ғана түсінеді». Ал біз оларға былай айтамыз: «Құранда анық нәрселер бар, оларды қарапайым адам да, үйреніп келе жатқан кісі де түсінеді. Солар арқылы жаратылыстарға құжат (дәлел) жеткізіледі. Сол сияқты Құранда тек ғалымдар ғана түсінетін нәрселер бар».
Иә, Құран мен Сүннетте тек нағыз мужтәһид қана ұға алатын нәрселер бар, алайда оларда қарапайым халық та түсінетін көптеген нәрселер бар. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһқа құлшылық етіңдер де, Оған ешкімді серік қоспаңдар**» (Ниса сүресі, 36-аят). Тағы да Аллаһ: «**Расында, кім Аллаһқа серік қосса, оған Аллаһ жәннатты харам етеді, әрі оның орны тозақта болады. Залымдар үшін еш көмекші болмайды**», - деді (Мәида сүресі, 72-аят). Тағы да Ол былай айтты: «**Зинаға жақындамаңдар**» (Исра сүресі, 32-аят). Тағы да Аллаһ: «**Сендерге өлексеге тыйым салынды**», - деп айтты (Мәида сүресі, 3-аят). Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деді: «**Иман келтіргендерге көздерін түсіріп жүрсін, әрі жыныстық мүшелерін сақтасын деп айт**» (Нұр сүресі, 30-аят).
Бұл аяттар түсінікті ғой, оны қарапайым жұрт еститін болса, әлбетте түсінеді.

Ал мужтаһид деген – ол осындай да, осындай сипаттарға ие. Ондай сипаттарды толығымен Әбу Бәкр мен `Умардың бойларынан да табылмайтын шығар.
Яғни, әлгі адасқандар нағыз мужтаһидке сондай шарттар қояды, егер ол

қасиеттер мен сипаттардың барлығын адамдардың ең абзалдарының қатарында болған Әбу Бәкр мен `Умарда іздесек те, тапайтын шығармыз. Бұл шарттарды олар өздері шығарған.
Аллаһ Тағала: «**Неге олар Құранға ой жүгіртпейді?**», - деді (Ниса сүресі, 82-аят). Бұл барлық мұсылмандарға қатысты.
Әрбір адам Құраннан, Аллаһтың жеңілдеткенін түсіне береді. Қарапайым кісі өзінің дәрежесіне сай, үйренуші өзінің дәрежесіне сай, білімде орныққан ғалым өзінің дәрежесіне сай түсінеді. «**Ол аспаннан су ағызады, сонда әрбір ойпат мөлшеріне қарай селге толады**» (Ра`д сүресі, 17-аят). Сол сияқты, Аллаһ түсірген білім де, оны әрбір жүрек өз мөлшеріне сай қабылдайды. Әркім өз түсінігіне сәйкес аяттардан пайда алады. Ал енді Құранды нағыз мужтаһидтен басқа ешкім және мүлдем түінбейді деу, әрине дұрыс емес.

Ал кім олардан (Құран мен Сүннеттен) тура жол іздесе, ол жаңалық еңгізуші немесе жынды болып саналады. Себебі, оларды түсіну өте ауыр. Субханаллаһ уә би хамдиһ! Аллаһ Тағала шариғат пен болмыста, жарату мен бұйрықта осы қарғыс атқан күдікке қарсы жауап беріп қанша рет түрлі жақтан түсіндіріп, баяндап берген еді: «Алайда, адамдардың көбісі білмейді» (А`раф сүресі, 187-аят). **«Олардың көбісі туралы Сөз орындалды да, олар иман келтірмейді. Біз олардың мойындарын иектеріне дейін шырмаулап тастадық. Олардың бастары кекжиіп қалған. Олардың арттарынан да бөгет, алдарынан да бөгет жасап, көздерін қаптадық. Олар көрмейді. Оларға ескертсең де, ескертпесең де бәрі бір. Олар иман келтірмейді. Шын мәнінде сен, үгітке еріп, Мейірімдіні көрмей-ақ қорыққан кісілерге ескерте аласың. Ал оларды жарылқау және құрметті сыйлықпен қуандыр»** (Ясин сүресі, 7-11-аяттар).
Бұл аяттар, Аллаһтың және Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздеріне ой жүгіртуден бас тартқан кісілер туралы. Ал аяттардың соңында Аллаһ Тағала кейбіреулерге нығметін нәсіп еткенін айтып: «Үгітке еріп, Мейірімдіден қорыққан», - дейді (Ясин сүресі, 11-аят). Бұл – екі топтың мысалы.

Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақтар мен мақтаулар болсын!
Пайғамбарымызға және оның отбасы мен сахабаларының барлығына Аллаһтың игілігі, берекесі мен сәлемі болсын!